

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 108 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8 тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 2 тармағына сәйкес аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Балахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Арыстан

Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы " 25 "
сәуірдегі № 108 қаулысына қосымша

Аудан әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

1. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 05 ақпандағы № 44 "Индер ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2013 жылғы 27 ақпанында № 2697 санымен тіркелген) қаулысы;

2. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 05 ақпандағы № 45 "Индер ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2013 жылғы 27 ақпанында № 2698 санымен тіркелген) қаулысы;

3. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 391 "Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 5 ақпандағы № 45 "Индер ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2015 жылғы 28 желтоқсанында № 3404 санымен тіркелген) қаулысы;

4. Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 212 "Индер ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді

мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2014 жылғы 25 маусымында № 2945 санымен тіркелген) қаулысы;

5. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 06 наурыздағы № 62 "Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 212 "Индер ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2015 жылғы 17 наурызында № 3132 санымен тіркелген) қаулысы;

6. Аудан әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 13 "Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 212 "Индер ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2016 жылғы 22 қаңтарында № 3452 санымен тіркелген) қаулысы.